

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016



2-сурет. Жасалу үстіндегі электронды оқулықтың көрінісі

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Андреев Е.Б., Куцевич Н.А., Синенко О.В SCADA-системы: взгляд изнутри.: М.: Издательство«РТСофт»2004,стр 176.
2. <http://www.krug2000.ru>
3. <http://mexalib.com/tag/scada>
4. <http://www.adastra.ru/products/dev/scada>

ОӘЖ 002.5

ЭЛЕКТРОНДЫҚ КІТАПХАНАЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Каримгожинова Айдана Алмасовна

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Ақпараттық технологиялар факультетінің студенті,
Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Шекербек А.А.

Ақпараттық технологиялардың дамуы олардың өмірдің барлық салаларға кірістірілуіне негіз береді. Ақпараттық қоғам, білім қоғамы деген сөздер нағыз осы қоғамды сипаттауға арналған. Ал бұл өз кезегінде ақпарат пен білімнің адам өміріндегі маңызын арттырады. Ақпарат – біздің тарихымыздың сақтаушысы, ұлттық ресурс. Осындай ақпараттық ресурсты сақтау мен дамыту мемлекеттік деңгейдегі маңызды мәселеге айналып отыр.

Жалпы алғанда, ақпараттық ресурсты екі құраушыдан тұрады деп есептеуге болады. Біріншісі дәстүрліге кіретін жазбалар, сурет, мүсін, дыбыстық, бейне материалдар. Ал екіншісі қазіргі таңда маңызы күн сайын артып келе жатқан электронды ақпарат. Екеуінің арасындағы айырмашылық тек ақпаратты ұсыну түрінде ғана емес, оны сақтау, тарату және өзгертуінде.

Дәстүрлі ақпараттық ресурстарды сақтау бүгінгі күнге дейін жақсы меңгерілгенімен, ақпараттың көптігі оны іздеуді, сақтауды, таратуды қиындатады. Міне осы мәселе заманауи есептеу техникасы мен ақпараттық технологияларды қолдану арқылы өз шешімін таба алады. Себебі электронды түрле сақталған мәліметтермен жұмыс жасау тек қана жеңіл емес, ол адамның әжептәуір уақытын үнемдеп қалуға мүмкіндік береді. Сондықтан ақпараттың электронды түрде ұсынылуын былай қарастыруға болады: электрондық басылымдар,

электрондық жинақтар, электрондық кітапханалар.

Электрондық ақпаратты қолданудың тиімділігін арттырудың жолы – оған сәйкес ақпаратты сақтайтын және оның бағытталуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелерді құру. Оның бағытталуына:

- ✓ Жүзеге асырушы құрылғыларға байланысты емес ақпаратты көрсету;
- ✓ Ақпаратты көшіру мен жіберудің ыңғайлығы;
- ✓ Әртүрлі және сапалы түрде іздеу мүмкіндіктері;
- ✓ Қолданушыға қолжетімді ақпараттық кеңістіктегі қарапайым және тиімді навигацияның бар болуы жатады.

Электрондық кітапхана – түрлі форматтағы цифрлі ақпараттық объектілерді сақтайтын деректер қоры. Ол қолданушылар тобына қолжетімді және келесі қосымша сипаттамаларға ие:

- Қолжетімділіктің әмбебап құрылғысы іздеу мен барлық деректер қорында мәліметті алудың мүмкіндігін береді;
- Деректер қорына деректерді қосу мен өшірудің ұйымдастырылған техникалық процедуралары бар.

1971 жылғы «Гутенберг» проектінен бастау алған электрондық кітапханалардың артықшылықтары аз емес. (1-кесте) Әрине, электрондық кітапхана құру бір күннің не бір аптаның мәселесі емес, ол үшін аз емес уақыт пен жұмыс күші қажетті.

Дәстүрлі кітапханалар	Электрондық кітапханалар
Сақтау орнының шектеулігі	Электронды ақпараттың алатын орны аздығынан, көп мөлшерде мәліметті сақтау мүмкіндігі
Қаражаттың көп кетуі	Қарапайымдылығына байланысты төленетін қаражат мөлшерінің де аздығы
Ақпаратты тек кітапхананың өзінде алу мүмкіндігі	Ақпаратқа деген қол жетімдіктің жеңілдігі
Белгілі бір уақыт аралығында ғана ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі	Аптасына 7 тәулік, 24 сағат бойы ақпаратқа деген қол жетімділік
Кітап даналарының шектеулігі жағдайында өзге адамның күтуі	Көптеген қолданушылар бір кітапты бір мерзімде қолдану мүмкіндігі
Шектелген параметрлер арқылы іздеу	Кез келген сөз арқылы іздеу мүмкіндігі

1-кесте. Дәстүрлі кітапхана мен электронды кітапхана арасындағы айырмашылықтар

Жасау барысында көптеген қиындықтарға тап болуға болады. Оларды бірнеше категорияға бөліп қарастыруға болады: техникалық, ұйымдастырушылық, экономикалық, құқықтық, әлеуметтік.

Техникалық	• ақпараттық қорды құру технологиясын құрастыру; • метаақпарат жүйесінің тиімділігін құру; • ақпаратты сақтау мен таратудың мәселелері (ақпарат таратудың жылдамдығы, ақпараттық қорды құру мен қолдануды бақылау мен есепке алу, үлестірілген ақпараттық қорды тиімді ұйымдастыру, гетерогенді ақпаратқа біртекті интерфейс құру, т.б.) .
Ұйымдастырушылық	• түрлі сала мамандарынан құралған ұжымды жинау; • квалификацияланған жұмысшылардың жоқтығы.
Экономикалық	• электрондық кітапхана құрудың бағасының жоғары болуы; • құрылғылардың бағасының жоғары болуы;

	• қорды құрудың еңбек сыйымдылығының жоғарлығы.
Құқықтық	• электрондық кітапхана дәрежесін, атқаратын қызметтерін, міндеттерін анықтау; • электрондық кітапханадағы ақпараттың дәрежесін анықтау, оның түпнұсқасымен сәйкестігін тексеру; • электрондық кітапханада орналасқан мәліметтің коммерциялық пайдалану мәселелері.
Әлеуметтік	• ғылыми қоғамның электрондық басылымдар мен кітапхананы жасаудағы дайын еместігі мен өз жұмысында қолданбайтындығы; • оқу процесі барысында оқытушылар мен студенттердің электрондық кітапханаларды қолданудағы тәжірибесінің аздығы

2-кесте. Электрондық кітапхананы жасау барысындағы қиыншылықтар

Дегенмен де, қиындықтарды бастан кешіріп, мәліметтерге толы электрондық кітапхананы құра білсек, ол өте көп уақыт бойы мәдени мұрамызды сақтап тұра алады.

Электрондық кітапханаларды дамыту мәселесі барлық дүниежүзіндегі маңызды мәселелердің бірі болып табылады. 2016 жылдың 5-9 қыркүйек арасында «Электрондық кітапханалардың теориясы мен практикасының 20-ыншы халықаралық конференциясы» өтеді.

Жалпы алғанда, ақпараттық технологиялар, ашылып жатқан жаңалықтардың бәрі адам өмірін жеңілдетуге арналған. Соның ішіндегі электрондық кітапханалар адамның өмірін жеңілдетіп қана қоймай, интеллектуалды дамуына өз септігін тигізеді деген ойдамын. Бүгінгі таңда әрбір адамның қолынан заманауи ұялы телефондарды көруге болады. Сол телефондарда адамдар, әсіресе өсіп келе жатқан жас ұрпақ жай ойын ойнағаннан гөрі кітап оқығаны оның ой-өрісін ғана кеңейтіп қоймайды. Оның білімді болуы біздің еліміздің болашағымыздың жарқын болуына алып келеді деген ойдамын. Сондықтан дамып келе жатқан ақпараттық технологиялар жаман, зиян деген ойдан құтылу үшін, оның жақсы жақтарын ескеріп, пайдалана біліп, дамыту керек. Бұл біздің қолымыздан келеді деп ойлаймын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Graham P. Rutgers University Libraries. — S. l., 1997
2. Интернет и российское общество / Под ред. И. Семенова; Моск. Центр Карнеги. - М.: Гендальф, 2002. - 279 с.
3. <http://www.tpd12016.org/>

УДК 004:2

ИДЕЯ СОЗДАНИЯ ТИПОВОГО РЕШЕНИЯ 1С ПРЕДПРИЯТИЕ: УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМ УЧРЕЖДЕНИЕМ

Коротя Антон Сергеевич

Евразийский национальный университет им Л. Н. Гумилева, магистрант 1 курса кафедры «Информатика»

Абильдинова Гульмира Маратовна

Евразийский национальный университет им Л. Н. Гумилева, к.п.н., и.о. доцент кафедры «Информатика»

Информатика и новые информационные технологии занимают важное значение в